

**МККК №39 «Достық» бөбекжай балабақшасының
Қамқорлық кеңесі отырысының хаттамасы**

№2

**Ақтөбе қаласы.
жыл**

« 11» «12» 2020

Қатысушылар:

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері ,10 топтың ата-аналар комитетінің төрайымдары,әкімшілік,кәсіподақ комитеті төрайымы және № 39 «Достық» балабақша педагогтары.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Демеушілік түсімдер және оларды қажетіне қарай бөлу

Ата- аналар комитеті төрайымы : Карасаева А.Е

2. Әлеуметтік көмекті қажет ететін тәрбиеленушілерге көмек көрсету жағдайы.

№39 «Достық» бөбекжай балабақша меңгерушісі:

Уркимбаева А.Ж

3. Аз қамтылған және көп балалы отбасыларынан шыққан дарынды балаларға қолдау көрсету.(костюмдер, жол ақысы және т.б)

Ата- аналар комитеті мүшесі: Узбекбаева Г.К

4. Балабақшада қосымша үйірме,секцияларұйымдастыру.

Тыңдалды.

-№39 «Достық» балабақшасының меңгерушісі А.Ж Уркимбаева кезекті Қамқоршылық кеңесі отырысына қатысушылармен қаралатын мәселелерді таныстырды.

Күн тәртібінің бірінші сұрағы бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы С.В Вишняк демеушілік түсімдерді мәлімдей отырып,қажетіне қарай бөлу жөнінде айтып өтті.Түскен қаржы балабақшаның материалдық базасын нығайтуға, дарынды балаларды қолдауға ,байқауларға,семинарларға қажетіне қарай жұмсалады. Жұмсалған қаражаттың есебі беріледі.

Екінші сұрақ бойынша: №39 «Достық» бөбекжай балабақша меңгерушісі Уркимбаева А.Ж алдағы оқу жылында мектепке баратын тәрбиеленушілерге оқу құралдарынан көмек көрсету қарастырылып отыр. Ол үшін топтардағы көпбалалы отбасы, аз қамтылған отбасылары анықталып шешіледі.
Үшінші сұрақ бойынша аз қамтылған және көпбалалы отбасыларынан

шыққан дарынды балаларға қолдау көрсету жайында өткен оқу жылы қатысатын балабақшадағы ересектер мен мектепалды даярлау топтарының тәрбиеленушілерін сайыстарға апаруға транспортпен Қамқоршылық кеңесі көмек көрсетті.


Төртінші сұрақ бойынша балабақшада мини теннис үйірмесін денешынықтыру жетекшісі ересектер мен мектепалды даярлық топтарымен жұмыстанады. Балалар денсаулығын нығайту мен шынықтыру шараларына балабақшада спорттық іс-шаралары жиі ұйымдастырылады. Спорттық ойын бірлестіктері тәрбиеленушілер мен ата-аналар арасында экологиялық тәрбие мен салауатты өмір салтын насихаттауға ықпал етеді.

Шығып сөйлеушілер: Жұрымбай Аягөз Ғалымқызы –жеке кәсіпкер. Балапан тобының ата анасы. Мен әрдайым осы балабақшамен үнемі тығыз байланыстамын. Мұндағы атқарылған іс-шаралар көңілге қонымды. Осы №39 «Достық» бөбекжай балабақшасында жүргізілген іс-шараларға уақыт бөлуге тырысамын.


ШЕШІМ:

1. Қамқоршылық кеңес тарапынан демеушілік жұмыстар жүргізілсін.
2. Әлеуметтік көмек қажет ететін тәрбиеленушілерге көмек көрсету қарастырылсын.
3. Балабақшада балалар денсаулығын нығайту, шынықтыру мақсатында денешынықтыру шараларын ұйымдастыру жалғастырылсын.

Қамқоршылық Кеңес төрағасы

 Вишняк С.В

Хатшы

 Ұзақбай Г.Б